Түріктерге арналған Қазақша

Негізгі деңгей A1

Türkler İçin Kazakça

Temel seviye A1

Алғы сөз
Önsöz

Жазу нұсқаулары
Yazma talimatı

Қазақ алфавиті

	Баспаша түрі	Жазбаша түрі	Түрікше айтылуы
	Yazıcı fontu	**El yazısı**	**Türkçe telaffuzu**
1	Аа		a
2	Әә		e
3	Бб		bı
4	Вв		vı
5	Гг		gı
6	Ғғ		ghı
7	Дд		dı
8	Ее		ye
9	Ёё		yo
10	Жж		jı
11	Зз		zı
12	Ии		i
13	й		yi
14	Кк		kı

15	Ққ		qı
16	Лл		ıl
17	Мм		mı
18	Нн		nı
19	ң		ın
20	Оо		o
21	Өө		ö
22	Пп		pı
23	Рр		ır
24	Сс		sı
25	Тт		tı
26	Уу		uu
27	Ұұ		u
28	Үү		ü
29	Фф		ef
30	Хх		hı

31	h		ha
32	Цц		ts
33	Чч		çe
34	Шш		şı
35	Щщ		şa
36	ъ		bölme işareti
37	Ыы		ı
38	Іі		ıı
39	ь		Ince işareti
40	Ээ		e
41	Юю		yiu
42	Яя		yia

ЖАҢА ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ

ЖАҢА ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ

№	латынша	кирилше	әріптің атауы	№	латынша	кирилше	әріптің атауы
1	**A a**	А а	*а*	18	**O o**	О о	*о*
2	**Ä ä**	Әә	*ә*	19	**Ö ö**	Ө ө	*ө*
3	**B b**	Б б	*бы*	20	**P p**	П п	*пы*
4	**D d**	Д д	*ды*	21	**Q q**	Ққ	*қы*
5	**E e**	Е е	*е*	22	**R r**	Р р	*ыр*
6	**F f**	Ф ф	*фы*	23	**S s**	С с	*сы*
7	**G g**	Г г	*гі*	24	**Ş ş**	Ш ш	*шы*
8	**Ğ ğ**	Ғғ	*ғы*	25	**T t**	Т т	*ты*
9	**H h**	Х х, Н һ	*һы*	26	**U u**	У у	*ұу*
10	**İ i**	Й й, И и	*ій*	27	**Ū ū**	Ұ ұ	*ұ*
11	**I ı**	І і	*і*	28	**Ü ü**	Үү	*ү*
12	**J j**	Ж ж	*жы*	29	**V v**	В в	*вы*
13	**K k**	К к	*кі*	30	**Y y**	Ы ы	*ы*
14	**L l**	Л л	*ыл*	31	**Z z**	З з	*зы*
15	**M m**	М м	*мы*				
16	**N n**	Н н	*ны*		*С, Х, W таңбалары цитаталық принциппен жазылатын шеттілдік сөздерде қолданылады.		
17	**Ŋ ŋ**	Ңң	*ың*				

Kısaltmalar

Аббревиатуралар **Kısaltmalar**	**Ағылшынша атаулар** **İngilizce adlar**	**Қазақша атаулар** **Kazakça adlar**	**Түрік атаулары** **Türkçe adlar**
n.	noun	зат есім	isim
adj.	adjective	сын есім	sıfat
num.	numeral	сан есім	sayı
pron.	pronoun	есімдік	zamir
v.	verb	етістік	fiil
adv.	adverb	үстеу	zarf
ono.	onomatopoeia	еліктеу сөз	onomotofeya
postp.	postposition	септеуліктер	eda t
interj.	interjection	шылау	ünlem
S	Subject	бастауыш	özne
P	Predicate	баяндауыш	yüklem
O	Object	толықтауыш	nesne
Attr	Attribute	анықтауыш	nitelik
A	Adverbial	пысықтауыш	zarf tümleci

- **Айқындауыш**: сөйлемде белгілі бір мүшенің мағынасын басқа сөзбен түсіндіріп, нақтылап сипаттайтын мүшені айқындауыш дейді.
- Оқшау сөздер: **қаратпа сөз**, **қыстырма сөз**, **одағай сөз** деп үшке бөлінеді.

Сабақта жиі қолданылатын өрнектер
Sınıfta sık kullanılan ifadeler

Сабақта жиі қолданылатын өрнектер Sınıfta sık kullanılan ifadeler		
мұғалім	öğretmen	teacher
студент	öğrenci	student
сынып	sınıf	classroom
диктант орындаңыз	dikte yapınız	to do the dictation
үй тапсырмасын орындаңыз	ödev yapınız	to do the homework
тақтаға қараңыз	tahtaya bakınız	look at the blackboard
тыңдаңыз	dinleyiniz	to listen
сөйлеңыз	konuşunuz	to speak
оқыңыз	okunuz	to read
жазыңыз	yazınız	to write
кітапты ашыңыз	kitabı açınız	open the book
жаңа сөздерді оқыңыз	yeni kelimeleri okunuz	read the new words
мәтінді оқыңыз	metni okunuz	read the text
менің артымнан оқыңыз	benden sonra okunuz	read after me
жаттығуды орындаңыз	çalışmaları yapınız	to do the exercise
қайталаңыз	tekrarlanız	to repeat

Айлар

Қаңтар	Ocak
Ақпан	Şubat
Наурыз	Mart
Сәуір	Nisan
Мамыр	Mayıs
Маусым	Haziran
Шілде	Temmuz
Тамыз	Ağustos
Қыркүйек	Eylül
Қазан	Ekim
Қараша	Kasım
Желтоқсан	Aralık

Аптаның күндері

дүйсенбі	pazartesi
сейсенбі	salı
сәрсенбі	çarşamba
бейсенбі	perşembe
жұма	cuma
сенбі	cumartesi
Жексенбі	pazar

Мазмұны

1. Бөлік: Танысу
1. Мәтін: Менің атым
2. Мәтін: Бұл кім?
3. Мәтін: Мен және менің досым
4. Мәтін: Менің отбасым

2. Бөлік: Уақыт
1. Мәтін: Сен қазір не істеп жатырсың?
2. Мәтін: Алматы қаласына саяхат
3. Мәтін: Мен қатты ауырып тұрмын
4. Мәтін: Мәзірде не бар?

3. Бөлік: Орын
1. Мәтін: Әуежайда
2. Мәтін: Мұражайда
3. Мәтін: Ауруханада
4. Мәтін: Базар мен көшелерде

4. Бөлік: Міндет
1. Мәтін: Каспи банк
2. Мәтін: Яндекс такси
3. Мәтін: Түскі үзіліс
4. Мәтін: Күнделікті өмір

5. Бөлік: Мекенжай
1. Мәтін: Медеу сапары
2. Мәтін: Астанаға саяхат
3. Мәтін: Нават мейрамханасында түскі ас
4. Мәтін: Алакөлде жүзу

6. Бөлік: Байланыс
1. Мәтін: Туған күн кеші
2. Мәтін: Үйлену тойы
3. Мәтін: Құттықтаймыз!
4. Мәтін: Ашылу салтанатында

1. Бөлік: Танысу

1. Мәтін: Менің атым

1) Айжан: Сәлеметсіз бе?

Дәурен: Сәлеметсіз бе?

Айжан: Менің атым Айжан, сіздің атыңыз кім?

Дәурен: Менің атым Дәурен, танысқаныма қуаныштымын!

Айжан: Мен де сізбен танысқаныма қуаныштымын!

2) Дәурен: Сәлеметсіз бе, Айжан?

Айжан: Сәлеметсіз бе, Дәурен?

Дәурен: Қалыңыз қалай ?

Айжан: Мен жақсымын. Рахмет, сіз ше?

Дәурен: Менің де жағдайым жақсы, рахмет.

Айжан: Сау болыңыз!

Дәурен: Сау болыңыз!

3) Айгерім: Сәлем, Менің атым Айгерім. Сіздің атыңыз кім?

Құралай: Менің атым Құралай.

Айгерім: Сіз Алматыдансыз ба?

Құралай: Жоқ, мен Астанаданмын. Сіз ше?

Айгерім: Мен Түркістаннанмын.

Құралаӥ: Танысқаныма қуаныштымын!

Айгерім: Мен де қуаныштымын!

4) Айсұлтан: Сәлем, Менің атым Айсұлтан. Сіздің атыңыз кім?

Дана: Сәлеметсің бе? Менің атым Дана.

Айсұлтан: Сіздің руыңыз қандай?

Дана: Мен Найманмын. Нұрлан, сіздің руыңыз не?

Айсұлтан: Мен Кереймін.

Дана: Танысқаныма қуаныштымын!

Айсұлтан: Мен де қуаныштымын!

Дана: Сау болыңыз!

Айсұлтан: Сау болыңыз!

1. Келесі диалогтарды оқып шығыңыз.

1. Сәлем!
   Сәлеметсің бе?
   Сәлеметсіз бе?

2. Қайырлы күн!
   Қайырлы таң!
   Қайырлы кеш!

3. Сау бол!
   Сау болыңыз!

4. А: Сәлеметсіз бе?
   В: Сәлем.
   А: Сіз мұғалімсіз бе?
   В: Жоқ, мен мұғалім емеспін, мен студентпін. Ол мұғалім.
   А: Рақмет сізге.
   В: Оқасы жоқ.

5. А: Сәлеметсіз бе, ұстаз!
   В: Сәлеметсін бе! Сен шетелдік студентсін бе?
   А: Иә, мен шетелдік студентпін.
   В: Сен қай елденсің?
   А: Мен Түркияданмын.
   В: Атың кім?

А: Менің атым Мұстафа.

2. Диалог бойынша келесі сұраққа жауап беріңіз

1) Құралай қай қаладан?
A. Алматы B. Астана C. Түркістан D. Тараз

2) Дана қай рудан?
A. Албан B. Керей C. Найман D. Қыпшақ

3) Айсұлтан қай рудан?
A. Суан B. Қыпшақ C. Керей D. Албан

3. Төмендегі сөйлемдерді болымсыз түріне ауыстырыңыз

1) Ол Сеуле апай. _____
2) Мен шетелдік студентпін. _____
3) Менің атым Құралай. _____
4) Ол Керей. _____

4. Сыныптастарыңызбен танысыңыз (Оның есімі, елі, жасы, жұмысы туралы біліңіз).

Аты: …
Тегі: …
Ел: …
Жасы: …
Жұмыс: …

2. Мәтін: Бұл кім?

Дәурен: Сәлеметсің бе, Айжан?

Айжан: Сәлеметсің бе, Дәурен? Бұл сіздің отбасыңыз ба?

Дәурен: Иә, бұл менің отбасым.

Айжан: Отбасыңызда қанша ағайындысыз?

Дәурен: Біз бес ағайындымыз.

Айжан: Өте жақсы. Мыналар кімдер?

Дәурен: Бұлар менің әпкем Нұргүл, ағам Серікбол, қарындасым Дана және менің інім Нұрсұлтан.

Айжан: Бұл кім?

Дәурен: Бұл менің әйелім Айсұлу.

Айжан: Ал мыналар кімдер?

Дәурен: Бұлар менің анам мен әкем.

Айжан: Қандай бақытты отбасы!

Дәурен: Рахмет сізге!

Айжан: Дәурен, отбасыңмен танысқаныма қуаныштымын. Көріскенше, сау болыңыз.

Дәурен: Жақсы, Айжан, сау болыңыз.

1. Келесі диалогты оқыңыз.



Айсұлу: Саған Бір фото көрсетейін.
Фатима: Бұл кім?
Айсұлу: Бұл менің бауырым.
Фатима: Бауырын қанша жаста?
Айсұлу: Ол 22 жаста.
Фатима: Қай университетте оқиды?
Айсұлу: Ол Назарбаев университетінде оқиды.

2. Келесі сандарды оқып шығыңыз.

0	нөл	11	он бір	22	жиырма екі
1	бір	12	он екі	23	жиырма үш
2	екі	13	он үш	24	жиырма төрт
3	үш	14	он төрт	30	отыз
4	төрт	15	он бес	40	қырық
5	бес	16	он алты	50	елу

6	алты	17	он жеті	60	алпыс
7	жеті	18	он сегіз	70	жетпіс
8	сегіз	19	он тоғыз	80	сексен
9	тоғыз	20	жиырма	90	тоқсан
10	он	21	жиырма бір	100	жүз

3. Келесі диалогты аяқтаңыз.

A: Сәлеметсіз бе?
B: _____!
A: Сіздің атыңыз кім?
B: _____.
A: Бұл кім?
B: _____.
A: Мыналар кімдер?
B: _____.

4. Төмендегі фотосуреттерде өз кәсіптеріне сәйкес келесі сұрақтарға жауап беріңіз.

Бұл кім?





Бұл кім?





Бұл кім?





3. Мәтін: Мен және менің досым

Менің атым Аслан, мен аль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 1-курс студентімін. Мен отбасыммен Алматы қаласында тұрамын. Серік менің ең жақын досым, біз бір университетте оқимыз. Ол Қазақстанның астанасынан келген, сондықтан университетіміздің жатақханасында тұрады. Біз сабақтан кейін бірге уақыт өткізгенді ұнатамыз, әдетте бос уақытымызда қаладағы саябаққа барамыз, кинотеатрда фильм көреміз, кітап дүкендерін бірге аралаймыз және болашақ жоспарымыз туралы сөйлесеміз.

1. Төмендегі мәтінді оқып шығыңыз, суретті мәтінмен сәйкестендіріңіз.

Оның бойы бір метр тоқсан бес. Жүз жиырма келі. Оның мұрты бар. Ол еркек.



2. Мәтінді оқып, мәтін бойынша бос орындарды толтырыңыз.

Менің атым Аслан, мен Альфараби атындағы Қазақ ұлттық университеті …… оқушысымын. Мен отбасыммен …… қаласында тұрамын. …… менің ең жақын досым, біз бір университетте оқимыз. Ол Қазақстанның …… келген, сондықтан университетіміздің …… тұрады. Біз сабақтан кейін бірге уақыт өткізгенді ұнатамыз, әдетте бос уақытымызда қаладағы …… барамыз, кинотеатрда …… көреміз, …… дүкендерін бірге аралаймыз, және біз болашақ жоспарымыз туралы сөйлесеміз.

3. Төмендегі сұрақтарды сәйкес жауаптармен сәйкестендіріңіз.

1. Аслан қай университетте оқиды?	A. Астана
2. Аслан қай сыныпта оқиды?	B. Серік
3. Аслан қай қалада тұрады?	C. Альфараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
4. Асланның ең жақын досы кім?	D. Алматы
5. Серік қай қаладан келген?	E. 1-сынып

4. Төмендегі өрнектерді сәйкестендіріңіз және сөйлемдерді оқыңыз.

Мұғалімдер жаттығу залында өмір сүріп жатыр

Арслан	сахнада	сабақ берып жатыр
Науқастар	мектепте	жаттығып жатыр
Селим	ауруханада	билеп жатыр
бишілер	Қазақстанда	емделіп жатыр

4. Мәтін: Менің отбасым
Селим: Бексұлтан, Бұл сіздің фотосуретіңіз ба?
Бексұлтан: Иә, Бұл менің отбасылық суретім.
Селим: Сіздің отбасыңызда қанша адам бар?
Бексұлтан: Менің отбасымда алты адам бар: атам, әжем, әкем, анам, інім және мен.
Селим: Аға-қарындастарың жоқ па?
Бексұлтан: Ой, мен қателесіппін, жеті адам болуы керек, менің үлкен ағам бар, ол үйленген, өзінің отбасы бар. Селим, сенің отбасыңда кім бар?
Селим: Менің отбасымда әкем, шешем, үлкен әпкем, інім, қарындасым және бір мысық бар.
Бексұлтан: Барлығы алты адам ба?
Селим: Жоқ, жеті адам.
Бексұлтан: Әкең, шешең, үлкен әпкең, інің, қарындасың және сен алты адам емес пе?
Селим: Жоқ, және бір мысық бар.
Бексұлтан: Солай ма……

1. Келесі диалогты оқыңыз.
A: Сіз қазақстандықсыз ба?
B: Иә, мен қазақстандықпын.

A: Сіз қазақстандықсыз ба?
B: Жоқ, мен қазақстандық емеспін, Түркияданмын.

A: Сен қанша жастасың?
B: Менің жасым жиырмада.

A: Ол қанша жаста?
B: Ол елу жаста.

2. Фотодағы адамдардың атауларын толтырыңыз.



3. Мәтін бойынша келесі сұраққа жауап беріңіз.

1. Бексұлтанның үйінде қанша адам бар?

_____

2. Селимнің үйінде қанша адам бар?

_____

3. Бексұлтанның үйінде мысық бар ма?

_____

4. Ұяшықтан сөзді таңдап, сурет бойынша сөйлемді аяқтаңыз.

Мұғалім	Дәрігер	Полиция	заңгер	Инженер



1. Ол _____.



2. Мен _____.



3. Сен _____.



3. Сіз _____.



5. Олар _____.

2. Бөлік: Уақыт

1. Мәтін: Сен қазір не істеп жатырсын?
Айбике: Ало?
Жібек: Ало! Айгерім. Қалың қалай?
Айбике: Жақсы, өзің қалай?
Жібек: Мен де жақсымын. Сен қазір не істеп жатырсың?
Айбике: Мен демалысқа дайындалып жатырмын.
Жібек: Заттарыңды жинадың ба?
Айбике: Мен қазір жинап жатырмын.
Жібек: Ауа-райы болжамын тексердің бе?
Айбике: Әлі тексерген жоқпын. Қазір тексеріп көрейін. 26 маусым мен 2 шілде аралығындағы ауа райы болжамын аштым. Тым ыстық емес, 22 градустан 26 градусқа дейін көрсетіп тұр, тіпті екінші күні аздаған жаңбыр жауады екен.

Жібек: Тауда кешке салқын болады, міндетті түрде пальто алып жүру керек.
Айбике: Иә, мен өзім суықтан қатты қорқамын, сондықтан жеңіл пальто мен шалбар алдым. Сен ше? Не алдың?
Жібек: Мен қолшатыр, күннен қорғайтын көзілдірік, крем, зарядтағыш пен кітапты дайындап жатырмын.
Айбике: Өте жақсы! Ертең таңертең сағат 9-да менің үйіме кел, осы жерден бірге жолға шығамыз.
Жібек: Жарайды, ертең кездескенше.
Айбике: Сау бол.

1. Келесі диалогты оқыңыз.
A: Қазір сағат неше?
B: Таңғы сағат 10.

A: Сен не істеп жатырсың?
B: Мен музыка тыңдап жатырмын.

A: Сіз үй жинап жатырсыз ба?
B: Жоқ, Мен қазір тамақ жасап жатырмын.

2. келесі сөйлемдерді оқыңыз.
1. Мен футбол ойнаймын. ---------- Мен футбол ойнап жатырмын.
2. Сен ән айтасың. ---------- Сен ән айтып жатырсың.
3. Сіз ұйықтайсыз. ---------- Сіз ұйықтап жатырсыз.
4. Біз фильм көреміз. ---------- біз фильм көріп отырмыз.
5. Ол жүзеді. ---------- Ол жүзіп жатыр.
6. Олар жүзеді. ---------- Олар жүзіп жатыр.

3. Диалог бойынша Айбике мен Жібек демалысқа не дайындады? Белгілеңіз. (√)

	Айбике	**Жібек**
кітапты		
жеңіл пальто		
зарядтағыш		
крем		
күннен қорғайтын көзілдірік		
шалбар		

қолшатыр		

4. Фотосуретті қарап шығыңыз. Мысалдағыдай сөйлемдер жазыңыз.
Мысал: Ол үй тапсырмасын жазып жатыр.



1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
8. _____

5. Келесі диалогты аяқтаңыз.
A: Қазір сағат неше?
B: _____.



2. Мәтін: Алматы қаласында саяхаттау
Туристік гид: Барлығыңызға сәлем! Алматы қаласына қош келдіңіз!
Студенттер: Рахмет.
Туристік гид: Бүгінгі маршрутта біз баратын көрікті жерлер: мұражай, Ұлттық кітапхана, «Медеу» мұз айдыны, спорт сарайлары, Республика сарайы.
Студенттер: Тамаша! Қайсысына бірінші барамыз?
Туристік гид: Мұражайдан бастайық.
Студенттер: Жарайды.
Туристік гид: Міне, біз Қазақстанның Орталық Мемлекеттік мұражайындамыз, бұл Алматыдағы ең үлкен мұражай. Мұражайда қазақтың тарихи, археологиялық және заманауи мәдениетінің ең маңызды коллекциясы бар.
Студенттер: Қандай керемет!

1. Келесі диалогты оқыңыз.
1. Зейнеп: Қазақстандағы университеттерде сабақ таңертең нешеде басталады?
Майра: Көптеген университеттерде сабақтар сағат тоғызда басталады, ал біздің университетде сабақтар сағат сегіз отызда басталады.
Зейнеп: Сабақтан нешеде шығады?
Майра: Түскі сағат 1:00-де сабақ аяқталады.

2. Мұхамет: Лекция қашан басталады

Гүлнара: сағат үште басталады.
Мұхамет: Қазір сағат неше?
Гүлнара: Үшке 15 минут қалды.
Мұхамет**:** Рахмет, көріскенше.

2. Диалог бойынша төмендегі сөйлемдерге дұрыс немесе бұрыс деп белгілеңіз (√.)

1. Студенттер Бүгінгі маршрутта Республика сарайына барады.	
2. Студенттердің бірінші баратын орны – ұлттық кітапхана	
3. Мұражайда тарихи коллекциясы бар.	

3. Оқушылар қалада қандай жерлерге барады? Белгілеңіз (√)



Мұражай
Көк базар
Ұлттық кітапхана
«Медеу» мұз айдыны
Көк төбе
спорт сарайлары
Республика сарайы

4. Сыныбыңызға келесі сұрақтарды қойып, бос орынды толтырыңыз.
1. Қазір сағат неше?

_____
2. Сіздің университетіңіз сағат нешеде басталады?

_____
3. Сіздің университетіңіз сағат нешеде аяқталады?

_____

3. Мәтін: Мен қатты ауырып тұрмын

3.1
Жанат: Тез тұр, Ардақ, сабаққа кешігіп қаламыз.
Ардақ: Мен сабаққа бара алмайтын сияқтымын.
Жанат: Саған не болды?
Ардақ: Мен қатты ауырып тұрмын. Басым ауырып, қызуым көтеріліп,жөтеліп жатырмын.
Жанат: Олай болса жақсы демал.
Ардақ: Мен үшін мұғалімнен демалыс сұрай аласың ба?
Жанат: Әрине.

3.2
Жанат: Мұғалім, Ардақ бүгін сабаққа келе алмайды.
Мұғалім: Шынымен бе? Оған не болды?
Жанат: Суық тиіп, басы ауырып, дене қызуы көтеріліп, жөтеліп жатыр.
Мұғалім: Қалай суық тигізіп алыпты?
Жанат: Ардақ кеше кинотеатрға кино көруге барған, қайтып келе жатқанда жаңбырдың астында қалғандықтан және қолшатыры болмағандықтан суық тиіп қалған.
Мұғалім: Түсіндім, рахмет.

1. Төмендегі өтінішды оқыңыз.



Өтініш үлгісі

Ш.Құдайбердиев атындағы
Семей мемлекеттік
университетінің
ректоры проф.
А.С.Қаппаровқа
филология факультетінің 2-курс
студенті А.М. Оспановадан

Өтініш

Мені денсаулығыма байланысты филология факультетінің күндізгі оқу бөлімінен сырттай оқу бөліміне ауыстыруыңызды өтінемін.

27.06.2013 ж. қолы

2. Мәтін бойынша келесі сұрақтарға жауап беріңіз.
1. Ардаққа не болды?

_____

2. Ардақ сабаққа барды ма?

_____

3. Ардақ қалай суық тигізіп алыпты?

_____

3. Ұяшықтан сөзді таңдап, бос орынды толтырыңыз.

аяқ	асқазан	бас	құлақ	қол

1. Оның _____ ауырып тұр, оған демалу керек.
2. Менің _____ ауырады, жүре алмаймын.
3. Менің _____ ауырып тұр, қазір ештеңе жей алмаймын.
4. Мен сізді естімеймін, _____ жақын сөйлей аласыз ба?
5. Мен _____ сындырып алдым, сондықтан көлік жүргізе алмаймын.

4. Науқас ретінде дәрігерге ауруыңызды сипаттаңыз.







1. _____
2. _____
3. _____

4. Мәтін: Мәзірде не бар?
Даяшы: Біздің мейрамханаға қош келдіңіз!
Қонақ: Рахмет.
Даяшы: Қанша адамсыздар?
Қонақ: Біз төрт адамбыз.
Даяшы: Терезенің жанында бос орынымыз бар, көрсетейін.
Қонақ: Өте жақсы, рахмет.
Даяшы: Міне, мәзір.
Қонақ: Мәзірде не бар?
Даяшы: Біздің мейрамханамызда қазақтың дәстүрлі тағамдарын ұсынамыз:
Қазақ еті, Қазы, Қарта, Сорпа, Қуырдақ, Сірне…

Қонақ: Нан бар ма?
Даяшы: Әрине, мейрамханамызда Таба нан, Бауырсақ, Салма, Май шелпек, Қаттама бар.
Қонақ: Сізде қандай сусындар бар?
Даяшы: Бізде сүтті шай, Айран, Қымыз бар. Мейрамханамыздағы шай жиынтығын алуға кеңес беремін.
Қонақ: Шай жиынтығында не бар?
Даяшы: Оған сүтті шай, бауырсақ, ірімшік, тары, жент кіреді.
Қонақ: Тамаша!

1. Берілген сөздерді мысалға келтіріп сөйлем құраңіз.

Тамақтану ------ Мен тамақтандым.
------ Мен тамақтанып жатырмын.
------ Мен тамақтанамін.

кітап оқу ------- _____
------- _____
------- _____

фильм көру ------ _____
------ _____
------ _____

ән айту ------- _____
------- _____
------- _____

2. Мәтін бойынша келесі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Мәзірде не бар?

_____

2. Мейрамханада нанның қандай түрлері бар?

_____

3. Мейрамханада қандай сусындар бар?

3. Сөзді дұрыс суретпен сәйкестендір.



Сүтті шай



Қазы



Бауырсақ



Қуырдақ

4. Мәзірден өзіңізге тапсырыс беріңіз.


15:53
62%
ҚАЗАҚША МӘЗІР
May 15
ҮЛКЕН КӨЛЕМДЕГІ ПОРЦИЯЛАР!
ҚАЗЫ
50 г / 1150 т
ЖАСЫЛ АДЖИКА
50 г / 850 т
АЩЫ ТОЙ ПАЛАУ
325 г / 2400 т
450 г / 2600 т
ТҮЗДАЛҒАН КӨКӨНІСТЕР
100 г / 950 т
АЩЫ АЧИЧУК
Ащы бұрыш қосылған шырынды қызанақтар
220 г / 1450 т
ҮЗГЕН АЩЫ ПАЛАУ
325 г / 2500 т
450 г / 2700 т
ТОЙ ПАЛАУ
385 г / 2800 т
520 г / 3000 т
ҚЫЗАНАҚТАРДАН ЖАСАЛҒАН АДЖИКА
50 г / 650 т
АЧИЧУК
Мариндталған пияз қосылған шырынды қызанақтар
200 г / 1350 т
Send message


15:53
62%
ҚАЗАҚША МӘЗІР
May 15
ТҮНЕЦ ҚОСЫЛҒАН САЛАТ
Апельсин дәні бар жеңіл тұздықпен дәмделген шырынды көкөністің миксінен (айсберг, лоло-россо, асжапырақ), черри қызанақтарынан, назік түнецтен жасалған сергітетін салат
310 г/ 3700 т
ЖАҢА ТАҒАМ
ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ
Апельсин тұздығымен дәмделген аздап тұздалған ақсерке тілімдерінен, стрячателла ірімшігінен, черриден, қышатұс пен асжапырақтан көкөшөп миксінен, апельсин тілімдерінен жасалған жеңіл және пайдалы сергітетін салат
250 г/ 3900 т
Send message


15:53
62%
ҚАЗАҚША МӘЗІР
May 15
600 г/4000 т
450 г/3800 т
ЖЫЛҚЫ ЕТІ ҚОСЫЛҒАН БЕШБАРМАҚ
Жылқы еті мен қозы етінің жарлі сорпасы қосылған үй қамыры
NEW HIT
600 г/3400 т
450 г/3200 т
ҚОЗЫ ЕТІ ҚОСЫЛҒАН БЕШБАРМАҚ
Қозы еті мен қозы етінің жарлі сорпасы қосылған үй қамыры
600 г/3400 т
450 г/3200 т
СИЫР ЕТІ ҚОСЫЛҒАН БЕШБАРМАҚ
Сиыр еті және қозы етінің жарлі сорпасы қосылған үй қамыры
Send message


15:53
62%
ҚАЗАҚША МӘЗІР
May 15
ЧУЧВАРА
Күкіре (киіза) себілген үй тушпарасы (чучвара) қосылған қанықкан кекке. Біз тушпараны өз қолымызбен түйеміз!
0,7 пор./ 1900 т
1 пор./ 2000 т
МАСТАВА
Дәнді дақылдардың екі түріне - маш (азиялық үрмебұршақ) және құршаке негізделген қанықкан қою шығыс көжесі, күкіре (киіза) себілген.
0,7 пор./ 1800 т
1 пор./ 2000 т
ҚАЗАҚША ЕТ
Назік бұзау еті тілімдері мен жұқа илектелген үй қамыры қосылған кәріптас түсті сорпа
0,7 пор./ 1800 т
1 пор./ 2000 т
БҰРШАҚ ЕТТІ СОРПА
Бұршақ етті қанықкан сорпа
0,7 пор./1800 т
1 пор./2000 т
МАМПАР
Қанық жарқын дәмі мен хош иісі бар шығыс сорпасы! Бұл сорпаның ерекшелігі - ашықтықсыз қамырдың кішкене бөліктері, күкіре (киіза) себілген.
0,7 пор./ 1800 т
1 пор./ 2000 т
САНТАВРУ
Фунчеза, паприка, қызанақ, ұспа сарыуыздықтары және күкіре (киіза) себілген назік бұзау еті қосылған қанық ащы сорпа.
0,7 пор./ 1900 т
1 пор./ 2100 т
Send message

3. Бөлік: Орын

1. Мәтін: Әуежайда

Қызметкер: Қайырлы күн! Бүгін қайда ұшасыз?
Жолаушы: Стамбул.
Қызметкер: Төлқұжатыңызды өтінемін.
Жолаушы: Мінеки.
Қызметкер: Сізде багаж бар ма?
Жолаушы: Иә, менде бір ғана багаж бар.
Қызметкер: Жарайды, сөмкеңізді таразыға қойыңыз.
Жолаушы: Менде Анталияда трансферім бар – жүктерімді сол жерден алуым керек пе?
Қызметкер: Жоқ, Сіздің багажыңыз тікелей Стамбулға барады. Міне, отырғызу талондары – рейс 5А қақпасынан шығасыз, 15:20-да отырғызылады. Сіздің орын нөміріңіз 27Е.
Жолаушы: Көп рахмет!
Қызметкер: Оқасы жоқ!

1. Келесі диалогтарды оқыңыз.

Агент: Өтінемін, сөмкелеріңізді конвейер лентасына тегіс қойып, ұсақ заттарға арналған жәшіктерді пайдаланыңыз.
Жолаушы: Ноутбукты сөмкеден шығаруым керек пе?
Агент: Иә, керек. Шляпаңыз бен аяқ киіміңізді шешіңіз.
БИП БИП БИП БИП ……..
Агент: Өтінемін, артқа шегініңіз. Қалтаңызда бірдеңе бар ма – кілттер, ұялы телефон, тиындар?
Жолаушы: Жоқ. Белбеуімді шешіп көрейін.
Агент: Жарайды, өтіңіз. Жолыңыз болсын.
Жолаушы: Рақмет сізге!

2. Мысалға сәйкес бос орындарды толтырыңыз.

Оқу
Мен оқимын
Сен оқисың
Ол оқыды
Біз оқимыз
Олар оқыды

Жазу
Мен _____
Сен _____

Ол _____
Біз _____
Олар _____

Тыңдау
Мен _____
Сен _____
Ол _____
Біз _____
Олар _____

Сөйлеу
Мен _____
Сен _____
Ол _____
Біз _____
Олар _____

3. Мәтін мазмұнына сәйкес таңдаңыз.
1) Жолаушы қайда бара жатыр?
A. Алматы
B. Стамбул
C. Астана
D. Анкара

2) Жолаушы қай жерде транзит жасайды?
A. Анталия
B. Астана
C. Алматы
D. Стамбул

3) Жолаушының орын нөмірі қандай?
A. 10A
B. 20C
C. 27E
D. 8B

3. Мәтін бойынша, келесі сөйлемдердын Дұрыс, Дұрыс немесе ақпарат жоқ деп белгілеңіз.

Қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс?	**Дұрыс**	**Бұрыс**	**ақпарат жоқ**
1. Жолаушыда екі багаж бар.			
2. Жолаушы 5А қақпасынан шығады			
3. Жолаушының бизнес-класс билеті бар			

4. Суретке қарап, келесі ақпаратты табыңыз (кету орны, бару орны, билеттің бағасы, жол жүру уақыты).



2. Мәтін: Мұражай

Арай: Сәлеметсіз бе, бұл Қазақстанның Орталық Мемлекеттік мұражайы ма?
Оператор: Иә, сізге қалай көмек керек?
Арай: Мұражайдың жұмыс уақытын айта аласыз ба?
Оператор: Дүйсенбіден жексенбіге дейін 9:30-дан 17:30-ға дейін ашық. Сейсенбіде жабық.
Арай: Рақмет! Билет қанша тұрады?
Оператор: Ересектерге 500 теңге, балалар мен қарттарға 300 теңге.
Арай: Тағы бір сұрақ.
Оператор: Иә? Сұраңыз.
Арай: Сіздің мұражайыңызда гид бар ма?
Оператор: Біздің мұражайда экскурсиялық қызмет бар, бірақ ол тек 20 адамнан астам топтарға арналған, сағатына 1000 теңге тұрады.
Арай: Жарайды, түсіндім. Көп рахмет!
Оператор: Оқасы жоқ.

1. Келесі диалогтарды оқыңыз.

Экскурсиялық гид: Қазақстанның ұлттық мұражайына қош келдіңіздер. Бізде 10 көрме залы бар. Олар: Астана залы, Тәуелсіз Қазақстан залы, Алтын залы, Ежелгі және орта ғасыр тарихы залы, Тарих залы, Этнография залы, Қазіргі заманғы өнер залы.

Турист: Алтын адам қай залда көрсетіледі?

Экскурсиялық гид: Екінші қабат Алтын залыда көрсетіледі.

Турист: Бүгін қандай да бір көрме қызметі бар ма?

Экскурсиялық гид: Иә, бар. Біз әр аптаның сейсенбісінде әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырамыз.

Турист: Өте жақсы.

2. Мәтін мазмұнына сәйкес таңдаңыз.

1) Мұражай қашан ашылады?

A. 8:00

B. 8:30

C. 9:30

D. 10:00

2) Ересектерге билет қанша тұрады?

A. 400 теңге

B. 500 теңге

C. 600 теңге

D. 700 теңге

3) 2 ересек, 4 бала және 4 қарт билет қанша тұрады?

A. 2600 теңге

B. 2700 теңге

C. 2800 теңге

D. 2900 теңге

3. Келесі фотосуреттердің арасынан саяхаттау үшін баратын жерді таңдаңыз.

1. Түркістан



2. Актана



3. Алматы



4. Shymkent



3. Мәтін: Ауруханада
Дәрігер: Кіріңіз, отырыңыз. Сізге не болды?
Науқас: Дәрігер, мен қатты жөтеліп, тамағым ауырып тұр.
Дәрігер: Сізде қызу бар ма?
Науқас: Мен білмеймін. Бірақ мен өзімді нашар сезініп тұрмын.
Дәрігер: Алдымен температураңызды өлшеймін.
Науқас: Жақсы.
Дәрігер: Уайымдамаңыз, Температураңыз қалыпты. Сіз жай ғана суық тигізіп алыпсыз. Үйге барып, төрт сағат сайын осы таблеткалардан біреуін ішіңіз. Жақын арада сауығып кетесіз.
Науқас: Түсіндім. Рахмет сізге.
Дәрігер: Суды көп ішіп, жақсы демалыңыз.
Науқас: Жақсы, көп рахмет.

1. Келесі диалогты оқыңыз.

Осман: Сәлем, атыңыз кім?
Әли: Менің атым Әли. Сенің атың кім?
Осман: Менің атым Осман. Мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің шетелдік студентімін. Менің мамандығым – халықаралық қатынастар. Сен ше?
Әли: Мен Тұран университетінің магистрантымын. Менің мамандығым түрік әдебиеті.
Осман: Тұран университеті қайда орналасқан?
Әли: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің солтүстігінде орналасқан. Қолыңыз бос кезде біздің университетімізге келіңіз.
Осман: Мені шақырғаныңызға рахмет! Бір күні міндетті түрде барамын.

2. Сурет бойынша сұраққа жауап беріңіз.

1. 

A: Сен қазір қайдасың?
B: Мен _____

2. 

A: Ол қайда ?
B: Ол _____

3. 

A: Біз қайда баражатырмыз?
B: Біз _____

4. 
A: Қайдасіздар?
B: Біз _____

3. Мәтін бойынша дұрыс (√) немесе бұрыс (×) деп белгілеңіз.

	дұрыс / бұрыс
1. Науқаста дене қызуы бар	
2. Науқастын тамағым ауырып тұр.	
3. Дәрігер оған дәрі берді.	



4. Суретке қарап, келесі сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Супермаркет қайда?

_____

2. Мектеп қайда?

_____

3. Саябақ супермаркеттің қай жағында?

_____

4. Мәтін: Базар мен көшелерде

Жанат: Көк базарға келіп көрдіңіз бе?

Айше: Жоқ, менің мұнда бірінші рет келуім.

Жанат: Жарайды онда, мен сізге базарды көрсетейін.

Айше: Өте жақсы! Мұнда не сатылады?

Жанат: Базар екі қабатқа бөлінген, бірінші қабатта жаңа піскен жемістер, көкөністер мен ет бар, ал екінші қабатта киім-кешек пен күнделікті қажетті заттар бар.

Айше: Керемет! Мен қазақтың ұлттық тағамдарын алғым келеді.

Жанат: Кеттік, сізге көрсетейін.

1. Келесі диалогты оқыңыз.
A: Кешіріңіз, дәретхана қайда?
B: Соңғы сыныптың жанында.
A: Сол жақтағы сынып па?
B: Дұрыс.
A: Рақмет сізге!
B: Оқасы жоқ.

2. Берілген сөзді сөйлемге жататын жерге қойыңыз.
1. Мен (A) Американдық (B) студент (C) пін. (емес)
2. Бұл A қазақша (B) кітабы (C) ? (кім)
3. Альмира (A) қазақстандық, (B) Жұлжыз (C) қазақстандық. (да)

3. Төмендегі сөйлемдерді мысалға сәйкес қайта жазыңыз.
Мысал: Ол студент. → Ол студент емес. → Ол студент пе?
1. Малик шетелдік студент.
2. Бұл оның кітабы.
3. бұл мектеп.

4. Диалогты аяқтаңыз.
A: _____?
B: Менің атым Серікбол, _____?
A: Менің атым _____.

A: _____?
B: Мен Тұран университетінің студентімін.
A: _____?
B: Менің мамандығым – халықаралық қатынастар.

A: _____?
B: Мен Қазақстаннанмын. _____?
A: Мен _____.

A: _____?
B: Жатақхана кітапхананың алдында.
A: _____.
B: Оқасы жоқ.

4. Бөлік: Міндет

1. Мәтін: Каспи банк

1.1

Kaspi банк: Қайырлы күн! Сізге қандай көмек көрсете аламын?

Ailin: Қайырлы күн! Менің тегім – Kaya. Мен Түркиеден, Deniz банктен ақша аударымын күтудемін.

Kaspi банк: Күте тұрыңыз, өтінемін. Мен тексерейін. Сіздің аты-жөніңіз Ailin Kaya ма?

Ailin: Ия, мен Ailin Kaya.

Kaspi банк: Сіздің атыңызға Түркиеден, Deniz банктен 1000 АҚШ доллары аударылған. Төлқұжатыңыз өзіңізде ме?

Ailin: Ия, әрине. Мінекейіңіз.

Kaspi банк: Рахмет. Ақшаңызды алыңыз.

1.2

Kaspi банк: Қайырлы күн! Сізге қандай көмек көрсете аламын?

Ailin: Қайырлы күн! Шәкіртақы алу үшін карточка аштырайын деп едім.

Kaspi банк: Төлқұжатыңыз өзіңізде ме?

Ailin: Ия. Мінекейіңіз.

Kaspi банк: Карточкаңыз дайын болғаны жөнінде телефон номеріңізге код жіберілді. Кодты айтсаңыз.

Ailin: 8185.

Kaspi банк: Карточкаңыз дайын болды. Мінекейіңіз.
Ailin: Рахмет!

Kaspi банк: Біздің қызметімізді қолданғаныңыз үшін рахмет!

1. Сурет бойынша сөйлемдер құрастырыңыз.
Мысалы: Айжан банкке карточка аштыру үшін келді.



2. Төменде берілген диалогты оқыңыз.

Банк Қызметкері (БҚ): Қайырлы таң! Мен сіз үшін қандай көмек көрсете аламын?
Клиент (К): Мен банктік шот ашқым келеді.
БҚ: Сіз қандай шот ашқыңыз келеді?
К: Мен білмей отырмын. Сіз не ұсына аласыз?
БҚ: Мұның бәрі сіздің қажеттіліктеріңізге байланысты. Біздің ең танымал пакеттеріміз – «Ашық банкинг» (Open Banking).
К: Ашық банкинг жайында толығырақ айта аласыз ба?
БҚ: Ашық банкинг (Open banking) бәсекеге, инновацияға және клиенттерге қызмет көрсету сапасын арттыруға ықпал ететін банк саласының дамуындағы жаңа кезеңді білдіреді. Бұл бастама банктерден ашық API арқылы ақпарат беруді және үшінші тараптармен қауіпсіз деректер алмасуды қамтамасыз етуді талап етеді.
К: Мен ашық банкингке өтініш бергім келеді.
БҚ: Әрине. Мен өтініш формасын толтыруым керек және жеке ақпаратыңызды растау үшін бізге кейбір құжаттарыңыз қажет болады.
К: Әрине. Міне, менің өтінішім, жеке куәлігім және мекен-жайымды растайтын құжатым.
БҚ: Сонымен, бәрі дайын. Міне, сіздің жаңа дебеттік картаңыз және онлайн-банкинг туралы ақпарат. Сізге тағы қандай көмек көрсете аламын?
К: Жоқ, рахмет. Күніңіз жақсы өтсін!
БҚ: Сіздің де күніңіз жақсы өтсін!

3. Төмендегі сурет бойынша сөйлемдер құрастырыңыз.



2. Мәтін: Яндекс такси

2.1

Яндекс такси: Сәлеметсіз бе! Яндекс такси. Қандай көмек көрсете аламын?
Назира: Сәлеметсіз бе! Ия, маған кешкі сағат 19.00-де Rixos, Сейфуллин проспектісі, 506 мекенжайына такси керек еді.
Яндекс такси: Жарайды. Қай жерге баруыңыз керек?
Назира: Алматы аэропортына баруым керек.
Яндекс такси: Телефон номеріңізді қалдырсаңыз.
Назира: Телефон номерім: +7778 849 4121
Яндекс такси: Ауыр заттарыңыз бар ма? Қанша чемоданыңыз бар? Қандай машина қажет, үлкен әлде кішігірім машина?
Назира: Заттарым бар, 2 чемоданым және кішкене сөмкем бар.
Яндекс такси: Жақсы. Сағат 19.00-де машина сізді күтетін болады. Машина мекенжай орнына жеткен кезде сізге қоңырау шаламыз.

2. 2

Яндекс такси: Сізді Сейфуллин проспектісі, 506 мекенжайында машина күтіп тұр.
Назира: Жақсы, рахмет. Қазір шығамын.
Яндекс такси: 2 чемоданды багажға салайық. Өтінемін, машина белдігін тағуды ұмытпаңыз.
Назира: Көмегіңіз үшін рахмет! Аэропортқа дейін жол ақысы қанша болады?
Яндекс такси: Жол ақысы 5000 теңге.

Назира: Каспи банктің карточкасымен аударым жасауға болады ма?
Яндекс такси: Әрине болады, аударымды осы номерге жіберсеңіз болады: +7777 777 88 99
Назира: Мінекейіңіз, чектің көшірмесі.
Яндекс такси: Яндекс таксиді таңдағаныңыз үшін рахмет! Аэропортқа келдік. Сәтті сапар тілеймін!

1. Сурет бойынша сөйлемдер құрастырыңыз.
Мысалы: Азат таксиде клиент күтіп тұр.



2. Ұяшықтан сөзді таңдап, сурет бойынша сөйлемді аяқтаңыз.

Такси	Жолсандық	Жолаушы



3. Төменде берілген диалогты оқыңыз.

Таксист пен жолаушы арасындағы әңгіме

Жүргізуші: Ханым, қайда барғың келеді?
Жолаушы: Мен автовокзалға барғым келеді. Мені сонда апара аласыз ба?
Жүргізуші: Иә, әрине.
Жолаушы: Рахмет. Мен сөмкелерімді машинаның артына салсам болады ма?
Жүргізуші: Иә, болады.
Жолаушы: Рахмет.
Жүргізуші: Айтпақшы, аялдамаға дейін қалыпты жол жүру ақысы 2000 теңге, бірақ кешкі 22.00-ден кейін жол жүру ақысы көтеріледі. Демек, бұл 2500 теңге болады.
Жолаушы: Иә, бұл қалыпты жағдай. Асығыс едім, қазір жүрсек деп едім.
Жүргізуші: Иә, ханым. Сіз асығыссыз ба?
Жолаушы: Иә. Ең қысқа жолды таңдаңызшы, өтініш.
Жүргізуші: Жарайды. Достық даңғылының бойымен төмен қарай жүреміз. Ол жерде ешқандай көлік қозғалысы болмайды.
Жолаушы: Иә, ешқандай мәселе жоқ.
Жүргізуші: Ханым, қайда бара жатқаныңызды сұрасам бола ма?
Жолаушы: Мен туған жерім Түркістан қаласына бара жатырмын.
Жүргізуші: О, бұл менің де туған жерім!
Жолаушы: Қандай кездейсоқтық. Автобус аялдамасына жету үшін қанша уақыт қажет?
Жүргізуші: Біз жақындап қалдық.
Жолаушы: Уақытында келдім, әйтпесе автобустан қалып қоятын едім.
Жүргізуші: Міне! Алматы-Түркістан автобусының тұратын жеріне де келдік!
Жолаушы: Сізге көп рахмет! Міне, сіздің жолақыңыз, 3000 теңге!
Жүргізуші: Ханым, ақшаны майдалай аласыз ба?
Жолаушы: О, жоқ! Қалған ақшаны қайтармай-ақ қойыңыз!
Жүргізуші: Жарайды, көп рахмет! Сөмкелеріңізді алуды ұмытпаңыз!
Жолаушы: Иә, рахмет.

3. Мәтін: Түскі үзіліс

3.1 Айлин мен Айжанның түскі үзілісте кездесуі.

Айлин: Сәлеметсің бе, Айжан!
Айжан: Сәлеметсің бе, Айлин!
Айлин: Түскі үзіліске қайда барып тамақтанасың?
Айжан: Түскі үзілісте әдетте үйге барып тамақтанамын. Себебі, жұмыс пен үйдің арасы жақын.
Айлин: Бүгін осындағы асханаға барып тамақтануға қалай қарайсың?

Айжан: Жарайды.
Айлин: Рахмет!

3.2 Айлин мен Айжанның түскі үзілісте бірге тамақтануы
Айлин: Айжан, қандай тағам түрін тапсырыс береміз?
Айжан: Айлин, мен түскі үзілісте жеңіл-желпі тамақтанамын.
Айлин: Айжан, мен манты, қырыққабатпен сорпа және шайға тапсырыс беремін.
Айжан: Жақсы, Айлин, мен қызылшадан жасалған салат, тауық етінен жасалған бәліш және сүт қосылған шайға тапсырыс беремін.
Айлин: Айжан, тапсырыс берген тағамдарымыз келді. Ас болсын!
Айжан: Айлин, асың дәмді болсын!
Айлин: Айжан, түскі үзілісте кездескеніміз қандай жақсы болды. Бірге тамақтанып отырмыз. Бұдан былай да түскі үзілісте бірге кездесейік.
Айжан: Жақсы, Айлин!

1. Сурет бойынша сөйлемдер құрастырыңыз.



2. Ұяшықтан сөзді таңдап, сурет бойынша сөйлемді аяқтаңыз.

Кофе	Түскі үзіліс	Әңгімелесу



3. Төменде берілген диалогты оқыңыз.

А: Түскі асқа не жегіңіз келеді?
Б: Сіз не алғыңыз келеді?
А: Мен пицца алғым келеді.
Б: Мен кеше түскі асқа пицца жедім.
А: Маған не жегіңіз келетінін айтыңызшы.
Б: Гамбургер алғыңыз келе ме?
А: Мен кеше түскі асқа гамбургер жедім.
Б: Жегіңіз келген тағам жайлы ойланыңыз.
А: Мен пиццаны, ал сіз гамбургерді алсаңыз қалай болады?
Б: Олай болса солай жасайық.
А: Екеуін бірге қайдан сатып алуға болады?
Б: Пицца мен гамбургер асханада сатылады.

4. Мәтін: Күнделікті өмір

Айлин

Айлин күнде таңертең сағат 6.30-да ұйқыдан оянады. Оянған соң, төсегін жинайды, бетін жуады, тісін тазалайды. Содан соң, таңғы асқа анасы пісірген құймақтарды жейді, шайын ішеді. Айлин анасының таңғы асқа пісірген құймақтарын жақсы көреді. Айлин сағат 7.30-да сабаққа бару үшін үйден шығады. Мектеп пен Айлиннің үйінің арасы жақын. Мектепте сабақ сағат 8.00-де басталып кетеді. Айлин сабаққа кешіккенді ұнатпайды. Айлиннің сабақтары сағат 13.50-де аяқталады. Сабақ біткен соң, Айлин үйіне қайтады. Айлин мектеп бітірген соң, дәрігер болғысы келеді. Айлин арманына жету үшін, биология пәнін көбірек оқып жүр. Айлиннің анасы Айлинге арманына жету үшін биология кітаптарын әкеліп береді.

Санжар

Санжардың болашақ мамандығы – ағылшын тілі пәнінің мұғалімі. Санжар күнде таңертең сағат 6.00-де ұйқыдан оянады. Оянған соң, төсегін жинайды, бетін жуады, тісін тазалайды. Содан соң, таңғы асын ішеді. Санжардың тұратын қаласы Алматыдан алыс болғандықтан, Алматыда пәтер жалдап тұрады. Пәтерде өзімен бірге оқитын екі жігіт тұрады. Санжар өз мамандығын жақсы көреді. Университет пен Санжардың тұратын пәтерінің арасы жақын болғандықтан, Санжар сағат 7.30-да үйден шығады. Университетте сабақ сағат 8.00-де басталып кетеді. Санжар сабаққа кешікпей барады. Санжардың сабақтары сағат 14.50-де аяқталады, Санжар сабақ біткен соң, кітапханаға барады. Кітапханаға барып, үй тапсырмаларын қарайды. Кітапханадан соң, Санжар үйіне қайтады. Санжар өз мамандығының білікті маманы болу үшін ағылшын тілінен күніге көп сөздер жаттайды, кітаптар оқиды және тыңдалымын жақсарту үшін өлеңдер тыңдайды.

1. Сурет бойынша сөйлемдер құрастырыңыз.

Мысалы: Айжан таңертең сағат 8.00-де ұйқысынан оянады.



2. Ұяшықтан сөзді таңдап, сурет бойынша сөйлемді аяқтаңыз.

Гитара	Құмыра	Көйлек	Кітап	Гүл	Би	Үтіктеу	Сурет салу



3. Төменде берілген диалогты оқыңыз.

Айлин: Қайырлы таң Азат мырза, мен сізді профессор Мехмет мырзамен таныстырғым келеді.
Азат мырза: Қайырлы таң. Танысқаныма қуаныштымын, Мехмет профессор!
Мехмет профессор: Танысқаныма қуаныштымын.
Айлин: Мехмет профессор Эдинбург қаласынан келді. Ол жақында ғана грамматология жайында кітабын жазып бітірді.
Мехмет профессор: Азат мырза, қателеспесем, сіз Памуккале университетінде жұмыс істейсіз бе?
Азат мырза: Иә, дұрыс айтасыз, бірақ оны сіз қайдан білдіңіз?
Мехмет профессор: Мен сіздің жазған мақалаларыңызды оқыдым. Олар өте керемет.

4. Төменде берілген диалогты оқыңыз.

Сабина: Рабиғаның жанындағы көк көйлекті әйел кім?
Алма: Бұл оның досы Рима. Сіз оны өткен аптада пикникте кездестірген жоқсыз ба?
Сабина: Жоқ, мен пикникке келе алмадым, ол кезде анамның денсаулығы нашар болған еді.

Алма: Ой! Оны мен ұмытып кетіппін. Олай болса қазір сені онымен таныстырамын. Рима, бұл менің досым – Сабина.
Рима: Сәлем Сабина. Танысқаныма қуаныштымын, жағдайыңыз жақсы деп үміттенемін.
Сабина: Иә, сен де жақсысың деп үміттенемін. Кофе алғыңыз келеді ме?
Рима: Әрине, қазір барып, екі латте кофесін ішейік.

5. Бөлік: Мекенжай

1. Мәтін: Медеу сапары

Медеу

Медеу спорт кешені – жасанды мұз айдыны бар биік тауда орналасқан ең ірі спорт кешені. Медеу Алматы қаласынан 18 км жерде, теңіз деңгейінен 1691 метр биіктікте орналасқан Кіші Алматы шатқалының сұлу көрінісімен әдемі үйлескен, 10500 шаршы метр мұздан тұратын мұз айдыны. Табиғи мұз айдынының ашылу күні 1951 жылы, 5-ші ақпанда өтті. Медеу спорт кешені 1972 жылы тұрғызылды. Айдынның ортаңғы бөлігі – хоккей ойынына және мәнерлеп сырғанауға арналған. 12,5 мың орындық кешенде 2 жүзу бассейні, спорт залы, қонақүй, асхана, кинозал, кітапхана және баспасөз орталықтары орналасқан. Айдынның жарықтануын 8 тұғырға орнатылған 1600 қуатты шамдар қамтамасыз етеді. Ортадағы фотофинишпен байланыстырылған жылдам жазатын электрон таблоның 30 мыңнан астам шамы 1 минут ішінде 6 мың түрлі бейнені көрсете алады. Жасанды мұздың қалыңдығы –жазда 3-4 см, қыста 10-15 см-ге дейін жетеді. Медеу спорт кешені құрамына Медеу қонақүйі кіреді. Медеу мұз айдынында 1990 жылдан 2005 жылға дейін дәстүрлі «Азия дауысы» халықаралық ән байқауы өткізілді. Араға 18 жыл салып, Медеу мұз айдынында дәстүрлі «Азия дауысы» ән байқауы 2023 жылы, 28-30 шілдеде өткізілді. Медеу мұз айдыны – Қазақстандағы адамдар ең көп баратын спорт кешені.

2. Мәтін: Астанаға саяхат

А: Қазақстанға барған ба едің?
В: Ия. Ол өте әдемі ел. Онда көрікті жерлер, қорықтар, өзендер өте көп.
А: Қазақстанның Елордасы қай қалада орналасқан?
В: Елордасы – Астана қаласы. Сонымен қатар, Алматы, Шымкент және Түркістан секілді ірі қалалар бар.
А: Қазақстанда қандай қалаларға баруға кеңес бересің?
В: Ең бірінші, Елорданы барып көруге кеңес беремін. Онда көптеген мұражайлар, саябақтар, Бәйтерек монументі, Бейбітшілік және келісім сарайы, Ақ Орда, «Қазақстан картасы –Атамекен», Қазақстан Республикасы

Тұңғыш Президентінің мұражайы, «Астана опера» опера және балет театры, «Хан Шатыр» және «Думан» ойын-сауық орталықтары бар.
А: Астанада тағы қандай мұражай бар?
В: Қазақстан Республикасының ұлттық мұражайы, С.Сейфуллин атындағы мұражайы, «Нұр Әлем» болашақ энергиясы мұражайы.
А: Жақсы, рахмет!

Астана

Астана – Қазақстанның елордасы. Ол Есіл өзенінің бойында орналасқан. Астана 1997 жылғы 10 желтоқсаннан бастап Қазақстан Республикасының елордасы.



Бәйтерек монументі. Есіл өзенінің сол жағалауында бой көтерген зәулім «Бәйтеректің» биіктігі 97 м (Астана қаласының елорда статусына ие болған жылға байланысты таңдалған), диаметрі 27 м; негізгі есікке бастайтын әшекейлі темірбетон саты жер бетінен 4,8 м жоғары орналасқан.



Бейбітшілік және келісім сарайы. Пирамида іспетті етіп тұрғызылған сарай 2006 жылы 2 қыркүйекте салтанатты түрде ашылды. Оның табан қабырғасының ұзындығы 62 м; ауданы 25,5 мың м². Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан халқы ассамблеясы, ұлтаралық және дінаралық келісім орталығы, мұражай, университет, 1,5 мың орынды опера залы, кең орталық атриум мен қысқы бақ орналасқан.

«Қазақстан картасы –Атамекен». Атамекен – «Қазақстан картасы» этномемориалдық кешені 2001 жылдың 8 қыркүйегінде Нұр-Сұлтан қаласында Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен ашылды.



Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің мұражайы – Қазақстанның жаңа тарихын бейнелейтін мұражай. Мұражай

экспозициялары республиканың егемендігін қалыптастыру идеясын қамтиды және тәуелсіз және демократиялық мемлекет құрудағы Тұңғыш Президенттің тарихи рөлін көрсетеді.

3. Мәтін: Нават мейрамханасында түскі ас
Назира: Сәлеметсің бе, Айжан!
Айжан: Сәлеметсің бе, Назира!
Назира: Нават мейрамханасына барып, түскі ас ішуге қалай қарайсың?
Айжан: Жақсы. Қай күнге барамыз?
Назира: Ертең сағат 12:00-де Нават мейрамханасында кездесейік.
Айжан: Жарайды.

Нават мейрамханасына Назираның қоңырау шалуы
Назира: Сәлеметсіз бе! Мен үстелге алдын ала тапсырыс берсем деп едім
Нават мейрамханасы: Сәлеметсіз бе! Есіміңіз кім болады?
Назира: Назира
Нават мейрамханасы: Назира, қанша адамға арналған үстелге тапсырыс бергіңіз келеді?
Назира: Екі адамға арналған үстелге тапсырыс бергім келеді.
Нават мейрамханасы: Назира, қай күнге тапсырыс бергіңіз келеді?
Назира: Ертеңге сағат 12.00- ге тапсырыс бергім келеді.
Нават мейрамханасы: Назира, сізбен байланысу үшін телефон номеріңізді қалдырасыз ба?
Назира: +7778 849 4121
Нават мейрамханасы: Жақсы, рахмет! Біздің мейрамхананы таңдағаныңыз үшін рахмет!
Назира: Сәлеметсіз бе! Мәзірді әкелесіз бе, өтінемін?
Нават мейрамханасы: Сәлеметсіз бе! Мінекейіңіз.
Назира: Мен кофе, ыстық тағамнан палау, саңырауқұлақ қосылған сорпа тапсырыс бергім келеді.
Айжан: Мен сүт қосылған шай, ыстық тағамнан қуырдақ, қызылша мен қырыққабат қосылған сорпа тапсырыс бергім келеді.
Нават мейрамханасы: Жақсы, рахмет, мінекейіңіз.
Нават мейрамханасы: Тағы да тапсырыс бергілеріңіз келеді ма?
Назира: Рахмет. Қайнатылған көкөніс бар ма?
Нават мейрамханасы: Ия, бар.
Назира: Рахмет.
Нават мейрамханасы: Тәтті тағамға тапсырыс бересіздер ме?
Назира: Жоқ, рахмет.

Нават мейрамханасы: Астарыңыз дәмді болсын!
Назира: Рахмет.

4. Мәтін: Алакөлде жүзу
Медина: Сен жақсы жүзесің бе?
Айару: Мен жүзе аламын.
Медина: Жақсы, сен маған жүзуді үйретесің бе? Мен Алакөлге барайын деп едім. Алакөлде жүзу – менің арманым.
Айару: Мен онша жақсы жүзе алмаймын.
Медина: Жарайды, мені бастапқы деңгейде үйретесің бе?
Айару: Мен саған көмектесе аламын. Менің үйімде бассейн бар.
Медина: Жақсы, онда біз бассейнде жаттыға аламыз.
Айару: Ия, онда ертең сағат кешкі 5-те келсеңші.
Медина: Ол тым кеш емес пе?
Айару: Меніңше өте жақсы уақыт, себебі ол уақытта ыстық болмайды.
Медина: Жақсы идея екен.
Айару: Жақсы. Онда ертең кездескенше!
Медина: Жақсы.

Менің есімім – Әсет. Менің жасым он екіде. Мен былтыр ата-анаммен бірге Алакөлге бардым. Біз жылда ата-анамның жазғы демалысында Алакөлге барамыз. Жазда Алакөлге барған ұнайды, Алакөл —Қазақстандағы ең ғажайып көлдердің бірі. Жаз айын былтыр керемет өткіздім. Алакөлде жүзу, күннің батқан сәтін Алакөлде қарсы алу - керемет сәттердің бірі. Алакөлде өткізген он күнде өзіммен жасты балалармен достастым. Олар да ата-аналарымен бірге Алакөлде жүзуге келген екен. Достарыммен бірге Алакөлдің жағасында ойындар ойнадық, бірге жүздік. Алакөлден кетер кезде, достарыммен қимай қоштастым.

6. Бөлік: Байланыс

1. Мәтін: Туған күн кеші
Алихан: Салем! Туған күнің құтты болсын! Бүгін қанша жасқа толдың?
Раяна: Салем! Бүгін 15 жасқа толдым. Өзімді бақытты сезінемін. Туған күнімді атап өткенді жақсы көремін. Туған күн мен үшін көптеген сыйлықтар сыйланатын ең арнайы күн!
Алихан: Ата-анаң қандай сыйлықтар сыйлады?
Раяна: Олар сыйлықтың құпия екенін айтты. Мен ата-анамның сыйлығын кешке күтемін, себебі олар маған арнайы сыйлық дайындауда.

Алихан: Қалай ойлайсың, олардың сыйлығы қандай сыйлық болады деп ойлайсың?
Раяна: Менің жақсы көретін кітаптарымды сыйлайтын шығар деп күтемін.
Алихан: Мен де сенің кітапты жақсы көретініңді біліп, Том Сойердің кітабын сыйлыққа ала келдім. Армандарың орындала берсін!
Раяна: Қандай күшті, рахмет, менің досым!
Алихан: Туған күніңді жақсы өткізуіңе тілектеспін!

Туған күн!

Менің есімім Айжан. Бүгін менің туған күнім! Мен бүгін 10 жасқа толдым. Туған күн – мен үшін арнайы күн! Менің туған күнім сәуір айының 8-і. Сәуірде ағаштар бүршік атқан кезде менің туған күнім болады. Мен көктем мезгілін жақсы көремін. Мен туған күнімді ата-анаммен және бауырларыммен атап өткенді жақсы көремін. Ата-анам мен бауырларым бұл күні маған ұнайтын сыйлықтар сыйлайды. Отбасымызда туған күнімді жылда қызықты атап өтеміз.

1. Төменде берілген сурет бойынша сөйлем құрастырыңыз.



2. Төмендегі өрнектерді сәйкестендіріңіз. Сөйлемдерді оқыңыз.

Туған күнің	шаттық пен қуанышқа	сыйласын
Әр сәт	орындала	болсын

Айналаңыз	құтты	берсін
Аспаныңыз	бақыт пен қуаныш	болсын
Армандарыңыз	ашық	толсын

3. Төменде берілген диалогты оқыңыз.

Балауса: Сәлем. Мен Айжанмен сөйлесе аламын ба?
Айжан: Бұл Айжан. Бұл сенсің бе Балауса?
Балауса: Иә, сәлем. Қалайсың? Мен сені тек туған күніңмен құттықтағым келді! Күнің сәтті өтсін!
Айжан: Рахмет! Дәл солай. Ата-анам маған әдемі көйлек, ал әжем Том Сойердің кітаптар жинағын сыйлады. Сондықтан мен бүгін өте қуаныштымын.
Балауса: Мұны естігеніме қуаныштымын. Сен үнемі Том Сойердің кітаптарының толық жинағын алғың келген еді.
Айжан: Айтпақшы, мен бүгін кешке шағын туған күн кешін өткіземін. Бізге туған күн кешіне келесің бе, Балауса?
Балауса:Қуаныштымын. Бұл кеш сағат қаншада болады?
Айжан: Біз сағат 6-да бастаймыз. Менің бірнеше достарым келеді, оның ішінде сыныптастарым және менің немере тәтелерім бар.
Балауса: Туған күнге тәттілер ала келсем болады ма?
Айжан: Жоқ, ол үшін уайымдама. Менің анам алма бәлішін пісірді.
Балауса: Жарайды. Онда кешкі сағат 6 шамасында сенің үйіңде боламын. Сол жерде кездесеміз.
Айжан: Көріскенше!

2. Мәтін: Үйлену тойы

Үйлену тойы — жігіттің некелесуіне байланысты өз үйінде өткізілетін той. Мұны кейде келін түсіру тойы деп те атайды. Ата-ана екі жасты үйлендірмес бұрын жігіттің қалыңдықты туыстық араға жеті ата салып іздестіруін ескерген. Үйлену тойының алдында құда түсіп, жігіт жақ жаушы жіберген. Жаушы дәстүрді білетін адам болуы керек. Жаушы: «Сіздерде қыз бар, бізде ұл бар, екі жасты үйлендіру үшін жаушылыққа келдім»-деп айтады. Қыз жақ жаушыны күтіп, ақсарбас малын сойып, туған-туыстарын жинап, құдалық күнін белгілейді. Жаушы жібергеннен кейін жігіт жақ құда түсуге барады. Жігіт жақ кәдежолын жасайды. Құдалық тәтті болсын деп түрлі тәттілер, ірімшік, өрік-мейіз, дәмді тоқаштар апарады. Жігіт жақ қызға сырға салған кезде қызға бергек деп аталатын әшекейлі бас киімді кигізеді, сонымен қатар,

қызға көйлек, жүзік, білезік, алқа сыйлыққа алып барады. Бергек бас киімі сәукеледен кішірек болады, бұл бас киім қыздың ұзатылатындығын білдіреді. Содан соң қызды ұзату тойы болады. Ұзату тойында сыңсу айтылады. Қызды ұзату тойынан кейін келін түсіру тойы өткізіледі. Жаңа түскен жас келінді босағадан оң аяғымен кіргізеді. Жас келін отқа май тамызады. Осы күннен бастап ол келін атанады. Құдалар мен қонақтарға ас беріліп, ақсақалдар жас жұбайларға бата береді. Тойдан соң құдаларды құрметпен шығарып салады.

1. Төменде берілген сурет бойынша сөйлем құрастырыңыз.



2. Төмендегі өрнектерді сәйкестендіріңіз. Сөйлемдерді оқыңыз.

Азат пен	үлкен	болсын
Үй болу	серік	болсын
Бір-біріне	Айымның	болсын
Шаңырақтарың	кең	үйлену тойы
Керегелерің	биік	жауапкершілік

3. Төменде берілген диалогты оқыңыз.

Айсана: Сәлем Сая. Қалыңыз қалай?
Сая: Сәлем, Айсана. Менде бәрі жақсы, рақмет. Айжанның үйлену тойына неге бармадың?

Айсана: Сол күні нағашы тәтемнің туған күні болған еді, қай шараға барарымды таңдау қиын болды.
Сая: Сонымен, туған күнді таңдадың. Осындай керемет тойға бармай қалдың.
Айсана: Ой, қандай өкінішті! Той жақсы өтті ма?
Сая: Әрине. Қалыңдық пен күйеу бала бір бірімен керемет жарасып тұрды. Қалыңдыққа қымбат неке жүзігін сатып алыпты. Сен жүзікті көргеніңде ғой, көздің жауын алады!
Айсана: Бұл қиын емес! Тойдың қалай болғанын той суреттерінен және бейнебаяннан көремін деп ойлаймын.
Сая: Иә. Бұл жайында Азаттан сұраңыз.
Айсана: Тойда тағы не істедіңдер?
Сая: Біз бірге биледік, бірақ бұл кешке банкет залында болды. Бұған дейін біз мешітке, АХАЖ-ға және фотосессия жасау үшін бірнеше жақсы орындарға бардық.
Айсана: Содан кейін мейрамханаға бардыңдар ма?
Сая: Жоқ, олар жүз адамға арналған үлкен банкет залына тапсырыс берген екен.
Айсана: Бір күнде екі рәсім жасап үлгергені өте жақсы болған екен: діни және азаматтық.
Сая: Иә, біз де таңғалып қалдық. Оларды тек ғана АХАЖ-ға барады деп ойладық.
Айсана: Мен шынымен де қызықты оқиғадан қалып қалған сияқтымын.
Сая: Ия, солай. Мен тұрмысқа шыққанда сен келесің деп ойлаймын. Айсана: Мен де солай ойлаймын. Тойға шақырсаңыз, әрине келемін.

3. Мәтін: Құттықтаймыз!
Жанар: Айжан, сәлеметсің бе!
Айжан: Жанар, сәлеметсің бе!
Жанар: Айжан, сені ертең Нават мейрамханасында болатын туған күн кешіне шақырамын. Ертең кешкі сағат 18:00-де басталатын туған күн кешінің құрметті қонағы болыңыз!
Айжан: Жанар, мені туған күніңе шақырғаның үшін рахмет! Сені туған күніңмен құттықтаймын! Ғұмыр жасың ұзақ болсын! Жаңа жасың жақсылығымен келсін! Ертең міндетті түрде барамын.
Жанар: Рахмет! Күтемін.

Құрметті Ұстаздар!

Сіздерді Ұстаздар күнімен құттықтаймын. Шәкірттеріңіздің құрметі мен махаббатына бөленіңіздер. Шығармашылық ізденістер, ғылыми

жаңалықтарыңыз арта берсін. Мерекелеріңізбен! Мерейлеріңіз үстем болсын! Ғылымда жоғары жетістіктерге жете беріңіздер!

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,
Ұстаз болу – сезімнің ақындығы,
Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,
Азбайтұғын адамның алтындығы.

1. Төменде берілген сурет бойынша сөйлем құрастырыңыз.



2. Төмендегі өрнектерді сәйкестендіріңіз. Сөйлемдерді оқыңыз.

Астанада	100 жылда алғаш рет	өткізді
Бір әулетте	шілдехана той	сүйінші сұрады
Ақерке	алып бала	алғаш рет атқа мінді
Мария	немересі	дүниеге келді
Көршімнің	немересіне	қыз бала дүниеге келді

3. Төменде берілген мәтінді оқыңыз.

Баланың дүниеге келуі - кез келген отбасының өміріндегі өте маңызды қадам. Сіз бұл қадамға дайын болуыңыз керек - бірге дайын болыңыз, бір-біріңізге және кішкентай дүниеге келетін балаға қатысты барлық жауапкершілікті түсініңіз. Отбасында сүйіспеншілік пен ынтымақта өмір сүрсе, өзара түсіністік пен сыйластық болса, сәбидің дүниеге келуі бұл отбасының

нығаюына ықпал етеді. Балалы болу - сіздің бүкіл өміріңізді өзгертетін маңызды қадам.

4. Мәтін: Ашылу салтанатында

«ТОМЕР» орталығының ашылу салтанатында!

«ТОМЕР» орталығының ашылу салтанатына қош келдіңіздер! Бүгін Алматы қаласында ТОМЕР орталығының ресми өкілдігінің ашылу салтанаты өтуде. Анкара университетіндегі ТОМЕР түрік тілі орталығы 1984 жылы құрылған. Анкара, Стамбул, Анталья, Аланья, Самсун, Бурса, Трабзон қалаларында филиалдары және 64 елде өкілдіктері бар ең ірі тіл орталығы. Бұл курстарды жыл сайын әлем бойынша шамамен 10 000 адам оқиды. Сертификат Түркияның барлық университеттерінде жарамды. Түркия университеттерінде білім алушы үміткерлерде ТОМЕР сертификаты болуы керек. ТОМЕР компаниясының Алматыдағы өкілдігі Түркияға бармай-ақ ТОМЕР Анкара сертификатына емтихан тапсыруға мүмкіндік береді. TÖMER сынағы – сіздің түрік тілін меңгергеніңізді бағалайтын сынақ. TÖMER (Түрік және шетел тілдерін зерттеу және қолдану орталығы) негізгі мақсаты – шетелдіктерге түрік тілін үйрету. Түрік тілінде оқытылатын бағдарламаға оқуға түсетін білім алушылар таңдаған бағыты бойынша оқу үшін Түрік тілін оқыту орталығы (TÖMER) сынақтарында жеткілікті балл жинауы керек. Тест 5 негізгі бөлімнен тұрады. Бұл түрік тілін шет тілі ретінде меңгерген білім алушылардың «Оқу, тыңдау, сөйлеу, жазу және грамматика» дағдыларын бағалайтын сынақ болып табылады. Әрбір оқу курсының соңында білім алушы TÖMER тестін тапсырады. Бұл сынақты B2 деңгейінде жақсы тапсырған білім алушы Түркиядағы университеттерге жеңілдіктермен оқуға түсу құқығына ие болады.

1. Төменде берілген сурет бойынша сөйлем құрастырыңыз.

Кітап дүкенінің ашылу салтанатында.



2. Төмендегі өрнектерді сәйкестендіріңіз. Сөйлемдерді оқыңыз.

Кітап	жеңілдіктер	қазына
Кітаптарға	кітапты	өте мол
Кітаптар	дүкенде	болып жатыр
Мен	кітап қоры	кітаптар көп
Азаттың	асыл	жақсы көремін

3. Төменде берілген мәтінді оқыңыз.

Кітаптар үйі қайда деп бір сәт ойланып көрдіңіз бе? Кітаптар үйі, әрине, кітапхана. Маған кітапханаға барған ұнайды. Ол жерде кітаптың ерекше өзіндік атмосферасы бар. Бірақ, өкінішке орай, бүгінгі өмірдің қарқынды дамуында кітапханаға үнемі уақыт бөліп, бару мүмкін емес. Бұл жағдайда кітап дүкендері сізге көмектесе алады. Қазіргі таңда оларды кітаптар үйі деп атауға болады. Заманауи гаджеттер қазіргі таңда адамдардың назарын өзіне көбірек аударуда. Соның себебінен, адамдар кітапты аз оқи бастады. Дегенмен, кітап дүкендерінде кезекке тұратын жағдайлар өте көп. Себебі, қазіргі жастар кітап оқуға құмар және аса қызығушылық танытады. Қазіргі заманғы кітап дүкендерінің бірқатар мүмкіндіктері бар: кітаптарды арақашықтықтан, онлайн тапсырыс беріп сатып алуға болады, кітап

дүкенінен кез келген талғамға сай, өзіңізге ұнайтын кітаптарды сатып алуға болады.